

"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 300 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының
2003 жылғы 6 наурыздағы Заңына өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 4, 23-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қарыз алушы - микрокредиттік ұйыммен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;"

3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Микрокредиттік ұйым, бір қарыз алушыға арнап Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет туралы Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерден аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді." ;

9-баптың 2-тармағындағы "шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын" деген сөздері алынып тасталсын;

15-баптың 3-тармағы б) тармақшасы алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ол алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті